

Г.С. БАЛТАБАЕВА

ҚӨНЕ ТҮРКІ КӨК БӨРІ ТОТЕМІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕСІ

Автор в статье говорит о тотеме Кок бори занимавшее место в жизни тюрков, и анализирует особенности вида и структуру рассказа Мухтара Магауина «Каскыр-бори»

Yazar türklerin yaşamında büyük önem taşıyan Bozkurt sembolu hakkında söyleyerek, kazak hikayesinde düşünceyi sembolle anlatmak方法unu gerçekleştiren yazar M.Magawin'in "Kaskir - böp" hikayesini ayırtılı olarak değerlendirmiştir.

Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел болуы – біздің жаңа тарихымыздың басы. Ендігі жерде біз қазіргі әдебиетімізді заманға сай түрғыдан зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзак жолында үтқаны мен ұтылғаның, жеткені мен жете алмаған тұстарын көң ашып, бүтінгі егемендігімізге сөз өнерінің қосқан үлесін көрсетуге тиіспіз. Жалпы ұлтпен, ұлт мәдениетімен бітің қайнасып, қатар өрбіш келе жатқан, қайшылықты жолдан өткен біздің қазіргі әдебиетіміз жаңа талғаммен қарауды керек етеді.

1991 жылдан бергі жылдардағы қазақ прозасы толымды ізденістермен басталғаны белгілі. Қеңестік саясат тыйым салыш, ой-шілдік жарық көре алмаған қаламгерлердің бірқатары осы тұста сөз еркіндігін пайдаланды. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттің дамуының бағдары, міндеттері жайында көң көлемде шілдесу өріс алды. Ақын-жазушылар да қалаған, жаңына жақын тақырыпка шығармалар жазды. Елдің егемендігі мен ұлт мұддесін арқау еткен тәуелсіздік кезеңіндегі жаңа әдебиет – бұрынғы социалистік реализмнің сыңаржақты бағытына қараганда, бірқатар тәжірибе жинап, ұлт әдебитіне оргақ жаңа сапалар, өлшемдер кіргізді. Соның бірі қазіргі қазақ прозасының символикалық сипаты. Біздің басты назар аударатынымыз – бұрыннан бар тәсілдің қазіргі таңдағы жаңа прозадағы жаңа көрінісі дер едік.

Символикалық сипат – шығарманың еңсесін биікке көтеретін факторлардың бірі. Мұнда қаламгер айтпақ ойын көзге ұрадай жарқыратып, ашып тастамайды, көлегейлеп, астарлаш, символмен, меңзеумен, шағын деталь арқылы, астарлы метафора көмегімен, түспалдаш, ишарамен, емеурімен, ұсынады. Зер салыш, байышен қарасацыз, қаламгерлер адамдар өмірін, құстар мен хайуанндар тіршілігін, табигаттысымын қатар алады да, ит-құсқа адамға тән сипаттар бере отырып, көп жағдайды, талай нәрсені үқтырады, елестегеді, өмір, қоғам, адамдар тұрасындағы терек толғанысқа толы философиялық-әлеуметтік ой түйеді. Айта кететін бір жайт, туынды-символдағы образдар мұлтіксіз, кесек сомдалса ғана жазушы мұратына жетеді.

Қазіргі қазақ прозасында ойды символикамен жеткізу әдісін батыл игерген жазушының бірі – Мұхтар Магауин. Алшы отырған символикасы –

## **Балғабаева Г.С. Қоңе түркі көк бөрі тотемі және...**

Қасқыр – Бөрі. «Қасқыр – Бөрі» әңгімесі өзінің құрылымдық жағымен ерекшеленеді. Автор шағын ғана әңгімесінің өзін төрт бөлімге бөліп берген.

«Қазақтың қасқыры – қасқыр емес, шене, құрт кезінде, яғни бағзы заманда әлемдегі ең айбарлы аң болған» деп басталатын шағын әңгімеде бабамыздың байрағына түсіш, жүрек пен рухтың, қайтпас ерліктің ұранына айналған боз құрт, шене туралы автор өзінің танымын асқан шеберлікпен жеткізген.

Түркілер өздерінің ата-тегі қасқыр деп санаған. Осы қайратты да ерікті, айлакер де ақылды тұз тағысы жаулардың шабуылынан қыргынга ұшыраган тайшаның ең соңғы үршагы, кішкентай сәбиді желеп-жебеуші, асыраушы, құтқарушы болыш танылған. Бағзы заманда түркі тайшалары қасқырды «Көк құрт» деп атаған. Мұндағы «көк» сөзі «аспан» және «көк тұс» деген мағына береді. Сонымен бірге аспан құдайы Тәңірдің қасиетті символдық түсі көк тұс. Ал «құрт» сөзі «құтқару», «аластану» мағынасындағы қазіргі түрк тіліндегі «куртулуш» сөзінің түбірі. Осы деректерге сүйенсек «Көк құрт» сөзінің толық мағынасы бүкіл бір тайшаны мұлдем құртыш кетуден аман сақтап қалу үшін құдай жіберген «аспаннан (көктен) келген құтқарушы». «Көк» сөзінің де мағынасы зор. Негізінен айта кететін жайт, түркілердің өздері көк, қызыл, сарыға бөлінген. Оның ішінде «көк» шығу тегінің асылдығын, қоғамда алатын жоғарғы орнын көрсектекен [1].

Түркілердің шығу тегі көне түркі тілінде айтсақ «Көк құртқа», қазақша айтсақ «Көк бөріге» тығыз байланысты екендігін дәлелдейтін бірнеше аңыздар бар [2].

Көк бөрі тотемі түркілер өмірінде үлкен орын алыш келеді. Тіпті Қытай галымдары «түркі қаганды» мен «бөрі» сөзі синоним, бір ұғымды білдіреді деп таныған.

Ежелгі түркілер туға алтынмен әріштелген бөрінің басын бейнелеген. Ал, түркі қагандары шет елден келген елшілерді бөрінің басы салынған туды көрсеткенде ғана қабылдаш отырған [3, 230-237].

Осындай қасиетті де қадірлі Көк бөрі бейнесі – барлық түркі халықтарының ежелгі дәуір әдебиетінде, фольклорында есте жоқ ескі заманнан келе жатқан образ. Оны көне түркі жазба ескерткіштерінен де кездестіре аламыз. Соның бірі – XIII-XV ғасырларда жазылған, түркі халықтарына ортақ көне мұрағат «Оғыз-наме» дастаны [4]. Дастандағы «Ұранымыз Көк бөрі болсың» деген тіркестің үлкен мәні бар. Мұндағы ұран дәрежесіне дейін көтерілген Көк бөрі түлді халықтардың аса қадір тұтың, табынатын киелі де қасиетті аны.

Көк бөрі бейнесі Әлем әдебиетінің інжу-маржаны «Қорқыт ата кітабында» да ұшырасады [5].

Көк бөрі бейнесі ауыз әдебиетінде хандар мен батырлардың ұлылығын, ерлігін суреттеуде бірден-бір теңестіріле көрсететін образ [6, 56-58].

Қазақтың эпостық жырларында бөрі бейнесі ылғи да ұнамды сипатта алынып, жауға жалғыз шашқан батырдың асқан ерлігін суреттеу мақсатында

қолданылады. Қазақ эпостарында Көк бөрі ерлік пен батырлықтың баламасы ретінде алған.

Басқа да түркі халықтарының эпостарында қасқыр бейнесі көп кездеседі. Ҳақас халқының халық эпосы «Албынжида» Ақпур яғни, Аққасқыр Албынжи батырдың басты көмекшісі қызметін атқарады [7, 16].

Алтайдың батырлық эпосы «Ақ Тойчыда» Ақ қасқыр басты қорғаушы рөлін атқарады. Қыын-қыстау кезде ол адам кейінне еніп, бас кейішкердің ағасы болады.

Түркі халықтарының ертегілерінде де Көк бөрінің өзіндік бейнесі сомдаған. Ертегілерде қасқыр мен адам қарым-қатышасын бейнелеу эшстық жырлардан гөрі өзгешелеу құрылған. Қиял-ғажайыш ертегілердегі қасқырлар басты кейішкерлермен адамша сөйлесіп, достасып жүреді. Қыын-қыстау кезеңде адамға жол көрсетіп, түрлі кедергілерді жеңіп, арман-мақсатына жетуіне көмектеседі [8, 96-107]. Татар халқының ертегілерінде бас кейішкер қиналған кезде әдемі жас жігітке айналып отыратын қасқыр бейнесі жиі кездеседі. Ал Оңтүстік Сібірдің бір ертегісінде мынадай оқиға айтылады: бір бала биеге мініп аспанға ұшады. Хан он екі бөрінің қуғынға жібереді. Мұндағы он екі бөрі – Күнді бірінің артынан бірі қуыш келе жатқан 12 айды білдіреді. Ал, Бие Шығыста, әсіресе, түркілерде (Сактар, массагеттер) Күннің Символы больш саналады. Яғни, Күн ең жүйрік шырақ, жер бетіндегі ең жүйрік жануарлармен теңестірілген [9, 70]. Сонымен бұл ертегідегі 12 бөрі Әлемді қозғаушы күш ретінде Күнді қуалап қозғалысқа келтіруші қызметін атқарап түр.

Түркі халықтарының фольклорында Көк бөрі туралы аңыздарды да көптең кездестіреміз. Қыргыздар мен түркімендердің аңыздарында Көк бөрі ұшырақ таратушы Ана ретінде көрінеді.

Көк бөрі бейнесі түркі халықтарының мақал-мәтелдерінде, қанатты сөздерінде ұлken орын алған. Анадолы түріктерінде батыр адамдарды «бөрі тектес» деп атайды, ал азербайжандарда ер жүрек адамдарды «қасқырдың жүрегін жүтқан» деп немесе «бөрі баласы, бөрі болады» деп дөрштейді. Сонымен қатар «ер азығы мен бөрі азығы жолда», «бөрі арықтығын білдірмес, сыртқы жүнін қампайтар», «қасқыр да қастық қылmas жолдасына», «қасқыр ішігі бар кісі жолдасының тоңғанын білмес», «қасқыр қартайса да бір қойға күші келеді», «өлі беріні ит аттамас» деген қазақ халқының мақал-мәтелдерінде бөрі бейнесі, мінез-құлқы жан-жақты ашылған.



**Балгабаева Г.С. Коне түркі көк бөрі тотемі және...**



Бөрінің орнына қасқыр келді, бірақ шын мәнісінде екеуі бір-ақ аң: бөрі деген – қасқыр, қасқыр деген – бөрі. Сырттай қарағанда, атауғана аудықтан тәрізді болыш көрінеді. Ал, шын мәнісінде... бөрі өзгерді. Кейінгі қасқыр – бұрынғы бөрідей бола алмады. Ірыс, ұран, батыр болған Бөрі енді қасқыр болыш сорға айналды, ұранға ене алмады, оның ерлігінің өзі қарақшылыққа санаалды. Барлық асқақ сышат, жақсы қасиет – бөрінің бойында қалды. Абыройсыз істің бөрі қасқырга телінді. Баяғы құрт пен шенеден, кешегі бөріден қалған бақ, көшкен рух қасқырга қонбашты. Қасқыр – даланың төрт аяқты жыртқыш, корқау, жебір, раҳымсыз аңы ғана емес, жұттың бір ағайыны – жау екен. Бұрын батырды бөріге тәсесе, енді қадыр-қасиеттен ада зұлым адамды қасқырга тәңеитін болышты. Дегенмен, қасқыр мен бөрі – атауы бір, тұп негізі ортақ, бір-ақ мақлұқ емес пе? Қасқыр қашпа азса да, оның бөрі атауының ескірмеу себебі неде, қасқырга қашан, қалай айналғаны туралы ой толғайды.

«Ал мен көрген сияқтымын. Бөрінің қасқырга емес. Қасқыр атанған бөрінің қайтадан өуелгі – бөрі кейшін ташқанын» [10, 337], - деп әңгіменің ішіндегі әңгіме басталады. Қой кораға кіріп кеткен өлі құрыған аш қасқырды шоқпар емес, сойыл емес, жеңіл ашамен бір соғыш алады. Қор болыш өлген аш қасқырдың терісін бітеудей сышырып алады. Бір қасқыр екеу болыш шығады: терісі және өзі. Адам жиіркенелік қыш-қызыл қылыш сыртына айналдырыш, құйрығын шұбалтып ілуі тұрган аш қасқырдың тұкті терісі мен қасқырдың тоны сышырылған жалаңаш депені дегаль қызметін атқарып, артынан символға айналады. Сорғыш, аз-маз кептіріп, шелден, тұздаш, малма жағыш, неше бұқтеп орап, бабына келтіріп иленген тері қайта тірілгендей болды.

«Мен керіскедей бөріні арқасынан ептең сипадым. Жұні қатқыл, бірақ алақанға жайлы. Мерейлі жылу бар. Қолымды әрең айырыш, сәл-пәл шегінің, бажайлай, сүйсіне қараң тұрдым. Жоны қызылтым, қабырғасы кекшулан, бауыр жағы бозамық сұр. Қос құлағы сергек, тырнағымен қоса шығарылған май табандары мүйізгек. Қылышқ мұрт, тықыр тұкті бітеу тұмсығынан – буылтық, шолақ құйрығының қоңыр күрең ұшына дейін сесті. Бар бітісімен айбынды әрі әсем еді. «Нағыз ал бөрі!» – дедім мен атамның соңғы сөзін қайталап» [10, 337]. Ірсіған, арық, қу сүйек қасқырдың

жалаңаш деңесі мен иленген теріні бір-біріне антитетза формасында қарама-қарсы алады. Ырсиган қасқырдың жалаңаш деңесі қандай аянышты болса, жаңы жоқ, тіпті ішкі мұрдесі де жоқ иленген тері анағұрлым айбарлы шыққан. Автордың айтпағы кешегі арық, жалаңаш деңе жаңа бір күш-куатқа еніп, өзінің мына, әуелгі қалышна түскен тонын қайтадан кисе не болар еді? Нағыз дауыл бөрі болар еді деп түйіндейді. Байышташ қарасаңыз, сыйырылған – тері емес, Рух! Кешегі қызыл бөрі, көк бөрінің бүгінгі ұрпағы өзінің әуелгі қалыбын табуы үшін, тек жүрек қана басқаша соғуы керек! – деп ұран тастайды автор.

«Ендеше, әңгімеміздің аты «Қасқыр» емес, «Бөрі» болсын» деп, автор «Қазақтың қасқыры – қасқыр емес, шене, құрт кезінде, яғни бағзы заманда әлемдегі ең айбарлы аң болған» деп басталатын шағын әңгімесінің БӨРІ туралы басын қайталау формасымен қайтадан береді. Тек соңғы аяқталуынғана «... арада елу жыл өтті... Қасқыр қайтадан бөрі атанды... ... Қасқырдың қайтадан бөріге айналғаны туралы мениң немерем Бату жазады» деп өзгертиш беріш, келешекке аманатқа қалдырады.

Шағынғана әңгіменің үшінші бөлімін «ҚАСҚЫР» деп алып, қайтадан шегініс арқылы «...Әлі құрыған, аш қасқыр екен...» деп, аш қасқыр туралы үзінділерді қайталаумен бере келіп, тек қана соңын «...бүкіл ұрпағымның тағдырын төлеккек бере алмаймын. Қасқырда келешек жоқ. Демек, «БӨРІ» – деп басынан бастаң, үшінші мәрте бөрі туралы мәтін қайталарап беріледі. Тек соңын «Ал, әңгіменің роман-эпопеяға айналған, мениң немерем Бату биікке көтерген жаңа нұсқасын елу жылдан кейін оқисыз. Тек ...сол ерекше шығарманың аты да «ҚАСҚЫР» болып шықпағай... Қауіпсіздік шарасы ретінде «БӨРІ» атаудың біржола бекітеміз. Әңгімеміздің аты – БӨРІ» деп аяқтайды.

Авторлық таным сеніммен аяқталады. Өйткені... Арғы атам – Ер Түрік. Біз Қазақ еліміз!. Бөрі әулетіміз.

Мұхтар Мағауиннің «Қасқыр – Бөрі» әңгімесі қазіргі қазақ әңгімесіне құрылымдық, түрлік өзгешелік әкелген соны туынды болып табылады. Бұл әңгімені – **аманат** әңгіме деп пайымдауға толық негіз бар.

#### ӘДЕБІЕТТЕР

1. Акяшев А. Искусство и мифология саков. –Алма-Ата: Наука, 1984. -176 с.
2. Гумилев Л. Древние трюки. –М.:АН СССР. Институт народов Азии, 1967. – 504 с.
3. Бичурин Н. Собрание сведений о народах? Обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.1. –Алматы: Фалым, 1986. – 207 б.
4. Оғыз-наме. – Алматы: Фалым, 1986. – 207-б.
5. Дәдә Горгут. –Баку, 1950
6. Манас. Киргизский эпос. Великий поход. – М.: Гослитиздат, 1946. -371 с.
7. Урманчеев Ф. По следам белого волка. Ранние этнокультурные связи тюрко-татарских племен. – Казань: АН Татарстан, Инс-т языка, литературы и истории им. Г.Ибрагимова, 1994. -125 с.
8. Қазақ ертегілері. –Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1957. -443-б

## **Балтабаева Г.С. Коне түркі көк бөрі тотемі және...**

---

9. *Геродот*. История в девяти книгах. –Л.:Наука, 1972. -600 с.  
10. *ММагауин*.7-том, 330-б.

### **REZUME**

BALTABAeva G.S. (Almaty)  
**ANCIENT KOK BORI TOTEM AND MODERN KAZAKH STORIES**

The author tells about Kok bori totem which has a great importance in Turkic life and explains the structural difference of the story “Kaskir-bori” by Mukhtar Magauin who is the master of symbolic writing method in Kazakh prose.